

**Әкімдіктің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 273 "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 166 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 сәуірде № 7005 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 273 "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5778 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мұхамбетов*